

Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 721 қаулысы.

Тәжікстан Республикасына ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне Тәжікстан Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін 986,534 (тоғыз жүз сексен алты тонна бес жүз отыз төрт килограмм) тонна көлемінде мазут сатып алуға 2017 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 101015634,8 (бір жүз бір миллион он бес мың алты жүз отыз төрт теңге сексен тиын) теңге мөлшерінде ақшалай қаражат бөлінсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 20.12.2017 № 857 қаулысымен

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Тәжікстан Республикасындағы межелі пунктке дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев